

## **Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 216

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; 1997 жылғы 12 желтоқсанда "Егемен қазақстан" және Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

94-3-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалануға белгіленген тәртіппен жасалған келісім-шартта белгіленген және міндетті салық сараптамасынан өткен салық режимі, сол келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткенге дейін өзгеріссіз қолданыла береді, бұған келісім-шарттың салық режиміне өзгерістер келісім-шарт тараптарының келісімі бойынша енгізіліп, Қазақстан Республикасы мен келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының бастапқы экономикалық мүдделері арақатынасының өзгеруіне әкеп соқпайтын жағдайлар қосылмайды."

2-тармақ алып тасталсын.

179-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың арасында 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда, сондай-ақ осы жер қойнауын пайдаланушылармен бұрын жасалған келісім-шарттарды орындау үшін аталған күннен кейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда және 1996 жылғы

1 қаңтардан бастап жасалып, міндетті салық сараптамасынан өткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық

салу талаптары сақталады және олардың қолданылуының күллі белгіленген мерзімі бойы күшінде болады." .

Қазақстан Республикасының  
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.  
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК